



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Ауыл жастарын қолдау

Ауыл жастарына арналған кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы ашылды. Ілкімді істі «Қазақстанның экологиялық қоры» ұйымы қолға алып отыр. Бұл жоба шалғай өңірлерде тұратын 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтардың бастамаларын дамытуды көздеумен қатар, мемлекеттік және жекеменшік иелеріне жәрдемдесуге арналған тиісті бағдарламаларды хабардар етуге бағытталған.

Қазір елімізде жастардың

калық деңгейге шығаруға мүмкіндік береді, – деді жоба жетекшісі Айгүл Әбдуалиева.

Жалпы, бағдарлама үш негізгі концепция бойынша жұмыс істейді. Ең алдымен ауылдағы жастардың кәсіпкерлік белсенділігін арттырады. Кейін жастардың жұмыс табуы және бизнес ашудың, гранттар мен микрокредиттерге өтініш берудің, мемлекет тарапынан стартап бастамаларына қатысудың қарапайым дағдыларын үйре-



жас мөлшерінің ұлғайтылуымен, NEET санатындағы жұртшылықтың үлесі артқаны белгілі. Алайда өткен жылдың III тоқсанының өзінде ең жоғары көрсеткіші Ұлытау облысында – 12,7, Шығыс Қазақстан облысында – 8,5, Қарағанды облысында – 9,4, Қызылорда облысында 8 пайыз мөлшерінде анықталған. Сондай-ақ осы санаттағы азаматтардың едәуір бөлігі Маңғыстау облысында – 7,5, Түркістан облысында – 7,3, Ақмола облысында 5,6 пайызды құрады. Осы ретте «Қазақстанның экологиялық қоры» мен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» және Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен өзекті мәселені жаңа жоба арқылы шешпек.


– Жастар әлеуметтік-демографиялық ілгерілеуде және елдің бәсекеге қабілетті ортасын қалыптастыруда маңызды орын алады. Олардың арасында жұмыспен де, оқумен де айналыспайтын адамдар баршылық. Жастардың осы топта ұзақ уақыт болуы олардың жоғары өмір сүру мүмкіндігі мен табыстың тұрақтылығын күрт төмендетеді, көбінесе оларды кедейлік пен денсаулық проблемалары мазалайды. NEET санатындағы жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының тұрақсыздығы олардың қылмыстық жауапкершілікке тартылу, наразылық, діни деструктивті ағымдарға кіру қаупін де арттырады. Сондықтан қазір біздің күш-жігеріміз ауылдардағы жастар арасынан шыққан әлеуметтік кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін жақсартуға бағытталуға тиіс. Бұл ауылдардағы табысты әлеуметтік тәжірибелерді анықтауға және оларды республи-

теді. Сондай-ақ осы санаттағы халықтың кез келген жауаптылар тарапынан жүзеге асырылып жатқан бастамалардан хабардарлығын арттырудағы кедергілерді талдап, зерттеу жүргізу және оны кеңінен талқылау бойынша ұсыныстар әзірлейді.

– Жоба тек кәсіпкер болуды ойлайтын адам емес, қазірдің өзінде кәсіпкер бола тұра өз істерін ілгерілету жолдарын білгісі келетін жандарға, сонымен қатар әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға мүдделі ауыл тұрғындарын қамтиды. Әр топ үшін біз көмек ұсынамыз және мақсатты байланыс орнатамыз. Осы жылы жоспарланған негізгі ішаралардың ішінен еліміздің барлық өңірлерінде кәсіпкерлікке бағытталған мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан бағдарламалар бойынша түсіндірме материалдары бар бұрыштарды іске қосқалы отырмыз. Сондай-ақ аудан орталықтарында ауыл жастары үшін көшпелі дәрістер мен семинарлар өткізуді жоспарлап отырмыз, онда еңбек нарығындағы трендтер мен онлайн-режимде орындауға болатын перспективалы мамандықтар туралы құлағдар етеміз, – деп түсіндірді бастамаға жауапты мамандар.

Бұл ретте оқыту NEET санатындағы жастарды қоса алғанда, кемінде 1 600 адамды қамтымақ. Оларға жыл бойы 17 өңірде жастарды жұмыспен қамтуды және олардың кәсіпкерлік деңгейін дамытуды, мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпараттық бұрыштарды әзірлеп, ауыл жастарын қолдау үшін қоғамдастық пен ақпараттық ресурс дайындау сияқты жұмыстар кешені жоспарланған.

«Созақ үні»-ақпарат.



Президент «Атамекен» ҰКП президиумының төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Атамекен» ҰКП президиумының төрағасы Райымбек Баталовты қабылдады.

Мемлекет басшысына шағын және орта бизнесті дамыту тәсілдерін жетілдіру, отандық кәсіпкерліктің мәселелерін шешу жөніндегі Па-

латаның қызметі туралы мәлімет берілді.

Кездесу барысында еліміздегі кәсіпкерлікті дамытудың негізгі бағыттарына ерекше назар аударылды. Райымбек Баталов шағын және орта бизнесті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасын әзірлеудің маңызды екенін атап өтті. Оның

айтуынша, бағдарламада отандық инвестицияны ынталандыру үшін орта бизнесті дамытуға баса мән берілуі қажет.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев стратегиялық шешімдер қабылдау барысында бизнестің ұстанымын ескеру маңызды екенін айтты.

34 мыңнан астам адам банкрот болғысы келеді



Қаржы министрлігінің мәліметі бойынша, биыл 3 наурыздан бері 34 мыңнан астам адам жеке тұлға банкроттығы бойынша өтінім берген. Арыздар негізінен eGov.kz электрондық Үкімет порталы (94%) және e-Salyq Azamat мобильді қосымшасы арқылы (6%) түсіп жатыр.

Келіп түскен арыздардың 10 382-сі тексеріліп, 2 670 азаматқа қатысты соттан тыс банкроттық рәсімі басталған. Бұл – барлық жүгінгендердің 26%-ы. Оның ішінде 375 тұлға – атаулы әлеуметтік көмекті алушылар, 985 азамат – қарызын 5 жылдан артық уақыт өтемегендер. 7 340 арыз бойынша азаматтар соттан тыс банкроттық рәсімін қолданудан бас тарту туралы хабарлама 1414 сервисі арқылы жолданған.

Министрліктің мәлімдеуінше, бас тартудың негізгі себептері мыналар:

Кредиттік бюроның мәліметі бойынша 6 713 тұлғада 12 ай ішінде берешекті ішінара өтеуі бар немесе берешек сомасы 1 600 АЕК-тен асады;

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1846 тұлға бойынша 6 ай ішінде атаулы әлеуметтік көмекті алушы екендігін растаған жоқ;

1463 тұлға жұбайының болу фактісін

көрсетпеді, сәйкесінше олардан рәсімді қолдануға келісім алған жоқ;

Әділет министрлігінің мәліметі бойынша 1349 тұлғада меншік құқығында жылжымайтын мүлік бар;

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне сәйкес 941 азаматта жер учаскелері бар;

789 азаматқа автокөлік тіркелген (Ішкі істер министрлігі мәліметі).

«Осындай рәсімді қолданудан бас тарту туралы хабарламаны алған жағдайда соттан тыс банкроттықтың негіздеріне сәйкес келгенде арызды қайтадан 3 айдан кейін беруге болады. Скорингтің сапасы деректер базасындағы мәліметтердің толықтығы мен «тазалығына» тікелей байланысты болғандықтан, ол үшін жауапкершілікті деректер базасының иелері, тиісті мемлекеттік органдар екенін алатынын атап өткен жөн», дейді Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов.

Оның айтуынша, бас тартудың себептерін жою үшін тиісті мемлекеттік органға жүгіну қажет. Мәселен, кредиттің сомасы, оны өтеу мерзімдері бойынша тиісті банкке, микроқаржы ұйымы немесе коллекторлық агенттікке. Ал мүліктің бар болуы, заңды тұлғаларда қатысу бойынша Әділет органдарына (ХҚКО, Электрондық Үкімет порталы). Сонымен қатар автокөлік бойынша Ішкі істер бөлімдерінің аумақтық бөлімшелеріне немесе Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығына (бар болған жағдайда) хабарласуға болады. Жер учаскелері, ауыл шаруашылық жануарлары және арнайы техника бойынша сұрақ туындаған жағдайда жергілікті әкімдікке жүгіну қажет. Жеке кәсіпкерлік мәселелерін Мемлекеттік кірістер органдарының аудандық бөлімшелері қарастырады.

Профилактикалық жұмыстар жалғасуда

Түркістан облысы полиция департаменті Созақ аудандық полиция бөлімінің «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтан қорғау» тобының инспекторы, полиция майоры Айжан Манапова «Зорлық-зомбылықтың алдын - алу бойынша» жәбірленушінің пікірін ескере отырып, қорғау нұсқамасы шығарылды.

Айта кетейік қорғау нұсқамасын бұзу Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексында белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Жыл басынан әйелдерге қарсы күш қолдану бойынша 5 жәйт тіркелсе, 39 қорғау нұсқамалары шығарылып, 10 ерекше талап белгіленгені болып табылады.

Созақ аудандық полиция бөлімі тұрғындарға қандай да бір құқықбұзушылық дерегі орын алған жағдайда бірден полицияға хабар беру керектігін ескертеді.

МАМАНДЫҒЫМ-МАҚТАНЫШЫМ

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Н.Төрқұлов атындағы жалпы орта мектебінде арнайы сала мамандарымен кездесу өткізілді.

Іс-шараның мақсаты оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту. Оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз - өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру.

Кездесуге мектептің 9-11 сынып оқушылары қатысты. Арнайы сала мамандары өздерінің мамандықтарының қызығшылығымен қиыншылығын түсіндірді. Мамандар арасында Мектеп инспекторы Дүйсен Нұрсұлтан Көпбайұлы, Кәсіптік бағдар беруші Садыкова Индира Сүлейменовна және «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің заңгер маманы Жарымбетов Болат Есейұлы және психолог маманы Ыдырысова Құралай Мұхтарқызы оқушылардың мамандық таңдауына көмек ретінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында әр сала мамандары өз мамандығының білікті маманы болу үшін өз тараптарынан оқу орындары жайлы қысқаша мәлімет беріп өтті. Оқушылар тарапынан көптеген сұрақтар қойылып, пікір алмасу жүргізілді. Іс шара соңында «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің психологы тақырыпқа сай тренинг өткізді.

«Созақ үні»-ақпарат.



Айта жүретін айтулы шара

Күні кеше ауданымызға жерлесіміз, ғалым, абайтанушы, ұстаз Жабал Шойынбет келді. Сағынышпен елге келген перзентін Созақ елі қуанышпен қарсы алды.

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастамасымен Мыңжылқы мәдениет үйінің фойесінде аудандық орталық кітапхана қызметкерлерінің шеберлігімен Жабал ағамыздың құрметіне кітап көрмесі ұйымдастырылып, өзі әкелген кітаптар бөлек, өз шығармалары бөлек, ұстазы Мекемтас Мырзахметов туралы арнайы бөлек көрме жасақталыпты.

Жабал Алшынбекұлының құрметіне ақындар Мыңжасар Асқаров, Сәрсенбек Теңізбаев, ардагерлер атынан Бүркіт Арынбеков, Аманбек Мұсабек, Орынбасар Оңалбаев, Байділда Айдарбеков абайтанушы жерлестеріне өздерінің өлеңдерін оқып және ақжарма тілектерін білдірді. Жабал аға аудандық орталық кітапханаға өз атынан мың дана кітап сыйлады. Оның ішінде өзінің «Абай» атты көп томдық кітабы да бар. Шойынбетов Жабал Алшынбекұлы 1955 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданында дүниеге келген. 1969 жылы Аққолтық ауылындағы Ш.Уәлиханов атындағы орталау мектепті, 1971 жылы Кентау қаласындағы Ы.Алтынсарин орта мектебін бітірген. 1971-1976 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында білім алған. Еңбек жолын Созақ ауданында мектепте мұғалім болып бастап, мектеп директоры, аудандық оқу

дағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры. 2004 жылы «Абай қарасөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері» тақырыбында диссертация жазып, филология ғылымдарының кандидаты атанған. Абайдың академиялық екі томдығын және Махамбеттің төрт томдығын шығаруға қатысқан. 1986 жылы «Арман қанатында» атты жас жазушылар жинағына әңгімесі енген. «Абай мұрасының өзекті мәселелері» атты ғылыми жинақтың, «Абайдың дана сөздері», «Абайдың қара сөздерінің ерекшеліктері» монографияларының авторы. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

Кішігірім таныстырудан кейін кездесу шарасы «Мыңжылқы» мәдениет үйінің сахнасында жалғасты. Абайтанушы ғалым, «Хәкім-Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Созақ ауданының Құрметті азаматы, филология ғылымдарының кандидаты Жабал Шойынбетовпен «Түлеген Қаратаудың баурайынан» атты кездесу барысында қонақтар ауданның 95 жылдығына орай және «Бір ел-бір кітап 2023» республикалық акциясы, «Түркістанның таңдаулы туындысы-2023» - атты жылдық кітап көрмесіне орай арнайы әзірленген көрмеге шолу жасады. Сонымен қатар, «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясында Жабал Алшынбекұлы 1000 дана ғылыми кітаптарды аудандық кітапханаға сыйға тартты. Аталған шара мәдениет сарайының үлкен за-

мәдениет үйінің өнерпаздары ән мен күйден шашу шашты. Мерекелік шараларда әдебиетке жаны құштар, кітапхананың тұрақты оқырман жастары Абай өлеңдерін мәнерлеп оқып, аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары «Теріскей», «Қаратауым» әнін орындап, қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Айта кетсек, осы аудан орталығында өткен шарадан бір күн бұрын Жартытөбе ауыл әкімдігіне қарасты Аққолтық ауылында кездесу шарасы ұйымдастырылған еді. Созақ өлкесі – дарынды әрі шығармашыл тұлғаларға өте бай. Қазақ елінің әдебиетіне, мәдениетіне үлкен үлес қосқан талай тарлан таланттар шыққан жер бұл. Халқымызға танымал ғалым ағамыздың алдымен өзі оқыған, дәріс те берген Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектеп ұжымымен кездесу кеші өткізілді. Кездесу кеші Жабал ағамызбен

«Сұхбат» форматында басталып, сұрақ-жауап түрінде өрбіді. Мектеп оқушыларының әдеби-сазды бағдарламасымен жалғасын тауып, ары қарай «Дәріс» түрінде өрбіді.

Жабал Шойынбет ағамыз мектеп оқушылары мен ұстаздарға ізгі тілегін білдіре отырып мектеп кітапханасына үлкен көлемде (500-ден астам) сирек кездесетін, қызықты ғылыми кітаптарды сыйға тартты.

Кез-келгеннің тісі бата бермейтін Ұлы Абайды зерттеуге бүкіл өмірін арнап келе жатқан ғалым ағамызбен жүздесу, келелі әңгімесін тыңдау оқушыларға да, ұстаздарға да қызықты болды. Аққолтықта да әннен моншақ, күйден шашу шашылды.

Жабал келді

*Жабал келді дегеннен жауын келді,
Жауынменен жағаласып қауым келді.
Өнегелі ісіңмен қуанта бер,
Қазыналы қарт Қаратау қалың елді.*

*Есенбісің еңсесі тік Жабал аға,
Жан сырыңды қалдырма жағалауға.
Еліңе сен Абаймен етенесің,
Лайықты, еңбегің зор бағалауға.*

*Ауылдан алысқа тым ұзамадың,
Ілім жолын із тұтып қуаладың.
Дауылдар мен борандарда болат-
тайың,
Ер мінездік таныттың құламадың.*



бөлімінде әдіскерлік кабинеттің меңгерушісі, Шымкент облыстық Педагогика қоғамы төрағасының орынбасары, Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер, ҚР Білім министрлігінде бас маман қызметтерін атқарған. Сонымен қатар Созақ аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, «Молшылық үшін» газеті редакторының орынбасары, ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының абайтану бөлімінде ғылыми қызметкер, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы қызметінде болып, докторантурасын бітірді. Қазіргі күні Абай атын-

дағы жалғасын тауып, жиынға қатысушылар Жабал Алшынбекұлының өмірі мен шығармашылығына арнайы дайындалған видеороликті тамашалады.

Аудан әкімінің құттықтау хаты мен сый сипатын аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов салтанатты түрде шара иесіне құттықтау сөзін айтып тапсырды. Шара барысында Жабал Алшынбекұлы Абайтану сабағынан аз-кем дәріс оқып, Абай мұрасының ұрпақ санасында жаңғырту, қазақ халқының төл мәдениеті мен рухани мұрасын құндылық ретінде сақтап, бәсекеге қабілетті зияткер тұлғаны қалыптастыруда келешек ұрпақ үшін үлкен рөл атқаратынына тоқталып өтті. Арасында



*Жартытөбе, Үштөбе, Аққолтығың,
Абайменен халқыңа бақ қондырдың.
Шойынбетке тартқан ұл шымыр келер,
Сегіз жаста шу асау атқа отырдың.*

*Түлеген Қаратаудың баурайында,
Шешендік сыр боп тұнды таңдайыңда.*

*Аллаға сансыз шүкір бек айтамын,
Абайды жазып берген маңдайыңа.*

*Арқалап елге әкелдің кітабыңды,
Күтуде елі, жұрты сұңқар ұлды.
Ұрпақтың қамын жеген Жабал аға,
Өнегелің бүгінгі бұл, болар құнды.
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.*

Созақ өңіріне Шудың суы жетті!



ру аудан халқына сын. Аудан халқы жұмыла іске кірісіп, арнасы толған өзен суын молшылық пен табыстың қайнар көзіне айналдыра алса, қаржылық дағдарысқа төтеп беретін жолды табуға болады. Осыны ескерген аудан әкімі М.Тұрысбеков Шу өңірі халқымен кездескен әрбір кездесуінде Шу өзенінің суы жөнінде міндетті түрде қозғап, құрылған жұмысшы топ өкілдерін бірнеше рет Шу өзені бойын жағалап, Жамбыл облысының суға жауапты өкілдерімен кездесіп, ауданға қажетті суды босату жөнінде келіссөздер жүргізіп те келді. Қазақта түрлі деп айтылған сөз нақыштары мен мақал мәтелдерінде «Су-тіршілік көзі», «Су-ырыстың көзі, еңбек-кірестің көзі» десе, су бар жерде ырыс бар, ұстап балық жейсің, ақ бидай егіп, нанын жейсің деген. Сол

Әрекетте берекет бар

Шу-Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Ұзындығы 1186 км (Қазақстан аумағында 600 км), су жиналатын алабы 148000 км² (Қазақстан аумағында 62500 км²). Теріскей Алатауымен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылған жерінен бастап Чүй (Шу) аталады. Шу өзенінің ірілі-сәқты 80 саласы бар, ірілері (Қазақстанда): Қорағаты, Меркі, Қарабалта, Ақсу, т.б. Теріскей Алатау мен Қырғыз жотасын кесіп өте бере Шу Жоғары Ортотоқой және Төменгі Ортотоқой шатқалдарын қалыптастырған. Соңғысының тұсында Ортотоқой бөгені салынған. Төменде Шу Ыстықкөл қазаншұңқырына шығады. Шу мен Ыстықкөлдің сұайрығы айқын емес. 2 50-жылдарында Шу суының бір бөлігі су тасу кезінде Көтемалды тармағы арқылы Ыстықкөлге құйылған. Қазіргі кезде көлмен байланысы жоқ. Қазақстанда Жамбыл облысының Қордай, Шу, Мойынқұм, Сарысу аудандары жерімен ағып өтеді. Өзеннің Қазақстан аумағындағы ұзындығы-800 шақырым. Теріскей Алатау мен Қырғыз Алатауындағы мұздықтардан басталатын Жуанарық, Қошқар өзендерінің қосылуынан қалыптасып, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы Ашыкөл-Ақжайқын-Айдын ойысына құяды. Қазаншұңқырдан шыға бере

тағы да бірнеше тар шатқалдар арқылы өтетін аңғары Боом шатқалынан кейін біртіндеп кеңейеді, сағалық аңғары айқын байқалмайды. Қорағаты өзенінен кейінгі саласыз аумағында Шу Мойынқұм құмды алқабына шығады. Одан әрі бірнеше тармақтарға бөлініп, тартыла бастайды. Суы мол кезеңдерде Қаратаудың солтүстік сілемдері етегі мен Бетпақдаланың аралығындағы Ащысу ойысының көлдеріне жетеді. Арнасының ені орта ағысында 50 – 100 м, төменгі ағысында 40 – 60 м. Ертеде суы Сырдарияға құйған. Шудың суы келді дегенше, берекет келді дей бергін. Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық ахуалына айтарлықтай оң ықпалы тиер Шудың суы аудан аумағына өткен жылмен салыстырғанда 16 күнге ерте келді. Яғни, Тасты су өлшеу бекетіне 7 сәуір күні жетті. Биылғы Шу өзені суының келген жалпы көлемі 60,000 млн метр куб көлемінде келеді деп болжануда. Себебі, Тараз-Шу бассейндік инспекциясының мамандарының мәліметі бойынша «Тасөткел» су қоймасынан қазіргі таңға дейін 1 млрд 800 млн текше метр су Созақ ауданы бағытына тасталынған. Су өңірімізге жақсы келген жылдары ауданның 33 940 га табиғи жайылым шабындықтарына жайылған еді.

Шудың суы Созақ ауданы үшін, оның ауылшаруашылығының кең

көлемде дамуы мен ілгерілеуі үшін тигізетін пайдасы ұшан-теңіз.

Кеңестік кезеңде ауданның мал шаруашылығына қажетті жем-шөп қорының 60 пайызы осы өңірден даярланатын. Айлар бойы барлық техника атаулы жұмылдырылып, науқанды жұмыс, социалистік жарыстар арқылы жүзеге асырылып, барлық идеология осы салаға бағытталатын. «Көктемнің бір күні-жылға азық» деген ұранмен Шу, Тасты, Жуантөбе, Созақ, Қарақұр, Қаратау кеңшарларындағы төрт түлік мал бастарының көбеюіне өзінің жем-шөп қорымен қомақты үлесін қоса білген Шу өзені болатын.

Сонау қырғыз Алатауынан бастау алған Шу өзені Қазақстан шекарасына кіргеннен Жамбыл облысының Шу, Мойынқұм, Сарысу аудандарының территориясынан өтіп, көптеген ауылдық округтерінің аумағын молшылыққа кенелтіп барып, біздің ауданға келеді. Тасөткел су қоймасынан бері Шу, Фурмановка, Қарабөгет, Ұланбел, Жайлауқөл, Қамқалы, Шығанақ жерлерін басып 613 шақырымда жайылып өтіп Ақжайқын көліне құйылатын. Шу өзенінің танабы кеуіп қалған кездері де болған. Тасөткел су қоймасынан Созақ ауданының аумағына дейін 448 шақырымды құрайды.

Шу өзенінің суын пайдалана білу, бұл табиғат ананың ұсынған үлкен сыйын мейлінше тиімді пайдаға асы-

секілді алдымен өзен суымен бірге келетін балықтарды қолданыстағы заң талаптарына сәйкес аулап, балық шаруашылығын ашу, өзен арналарына таяу жерлерден балық өсіретін көлшіктер жасау, аудан халқының азықтық бірлігінде аз қолданылатын негізгі тағам балық тағамдары. Бауыр, көз жанары, асқазан сияқты адам ағзаларына дәрумен ретінде беретін шипасы мол тағамға халықтың сұранысы мол. Шу бойының қамысы таптырмас құрылыс материалы санатында. Осы кәсіпті қолға алу үшін арнайы қамыс тоқитын цехтарды үш ауыл әкімшіліктерінен ашып, әр топқа он адамнан жұмысқа тартылса, үлкен кәсіпке негіз болар еді. Қамыс пашындар осы бастан даярланса, көктем шыға құрылыс нысандарына, үлкен сұраныс тудырар еді. Олар аудан орталығындағы мемлекеттік қазыналық кәсіпорындармен, жеке тұлғалармен келісім шарт түзе отырып, тапсырыстар қабылдаса тиімді болар еді.

Осы тұрғыда Шудың суының аудан аумағына уақтысынан ерте жетуіне, аудан халқының тұрмыс тіршілігін түсіне отырып, аудан әкімі мен құрылған құрамның еңбектерін ерекше атап өткіміз келеді.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Дін-діңек

Абай танымындағы үш сүю

Адам баласының жаратылуында үлкен мән, мағына бар. Адам-бір бос жаратылыс емес, рухани кемелдік иесі. Ол адамды рухани кемелдікпен, махаббатпен жаратқан. Абай – адам мен Алланың арасындағы махаббатты сүю деп атайды. Алланың өзі жаратқан адам ұрпақтарына деген рақымы мен мейірімінде, махаббаты мен сүйіспеншілігінде шек жоқ, бірақ шарт бар.

Абай – Алланың адамды махаббатпен, сүйіспеншілікпен жаратқанын көңіл көзімен көреді. Алланың адам баласын махшарда сұрау беретұғын қылып жаратқандығындаһәм гадаләт, һәм махаббат бар екендігіне көз жеткізеді. Сөйтөді де: «Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?»,-дейді. Бұл Абайдың алғашқы сүюі – адамның Аллаға деген махаббаты.Бұл жайында ол өзінің: «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті», «Жүректің ақыл суаты, Махаббат қылса тәңірі үшін»,-деген өлең жолдарында жеткізген. Ең бірінші махаббат – Жаратушыға арналатынын осыдан байқай аламыз. «Адамзаттың бәрін сүй бауы-

рым деп»,-деген жолдарында екінші сүюді сипаттайды. Абай адамдардың өзара қарым-қатынастарында ерекше назарға ала отырып, махаббат қылмақ керек екендігін түсіндіреді. Адамдар бір-біріне тату, ізгілікті, сыйлы болғанда ғана ізгі қоғам орнайтындығын жеткізгісі келген. Расында, адамдарды сүйген, ізгі бола білген адамды Алла да сүйеді. Ол Абайдың: «Көптің қамын әуелден Тәңірі ойлаған, Мен сүйгенді сүйді деп Иең сүйсін»,-деген өлең жолдарында анық байқалады. Келесі сүюді Абай: «Және хақ жолы осы деп әділетті»,-деп бүкіл тіршілікпен байланыстырып қояды. Отыз сегізінші қара сөзіндегі нақлия, ғақлия дәлелдерге сүйене отырып ұсынатын гадаләт ұғымына іліктесетін үшінші сүюі. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңіндегі басты ой да осы үшінші сүюдің баламасы ретінде берілген. Мұхтар Әуезов «Абай таны-

мындағы әділет ұғымының өзі мұсылмандық діни танымнан табиғаты бөлекше»,-деп жайдан-жай ескертіп отырған жоқ. Өйткені Абай шығармаларында өзекті желідей тартылған әділет ұғымы дін исламда баяндалатын әділет ұғымынан басқаша екенін ескертіп барып, мән бере қарауды талап етеді. Негізінен Абай ілімін рухани жетілу жолында да, материалдық өркениет жолында да қарастыра аламыз. Бірақ «Имани гүл»,-деп аталатын үш сүю танымын әуелі бақи әлем тұрғысынан қарастырған абзал. Адам баласы өмірінің алғашқы кезінде әуелі ата-анасын жақсы көреді, сонан кейін оның сүйіспеншілігі ағалары мен қарындастарына, ал өсе келе өзінің отбасына, қоғамына, отанына, халқына, немесе бүкіл адамзатқа бағытталуы мүмкін. Осылай махаббат сезімі жетіліп тереңдей береді. Адамзатқа деген махаббатың сүйіспеншіліктің шыңы

емес, алғашқы қадамды білдіреді. Бірақ ол шыңға көтерілу үшін әуелі махаббаттың ең жоғарғысы не екенін білуіміз шарт. Бұл ақиқатты: «Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті»,-деп Абай бабамыздың өзі де көрсетіп отыр. Сүйіспеншілікке жету оңай емес екенін үлкен ғұламалардың барлығы да растайды. Жаратушыны бірден сүю мүмкін емес болғандықтан, әуелі Оның жаратқандарын сүюге ұмтылу керек. Сондықтан Абай үшінші тұжырымында: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, және Хақ жолы осы деп әділетті»,-дейді. Абайдың бұл үштік сүю танымын адамның бойына сіңіруде кемелдік пен ізгілік бар. Алғашқы сүюді қалған екеуі айқындай үлкен түсуінде мән бар. Оны Абайдай түсінген, және жеткізе білген жан кемде-кем. Абайдың бүкіл шығармашылығының астарында осы үш сүюдің негізі жатқандай, оның ақыры да адамзатты толық

адам дәрежесіне жеткізумен жалғасады. Абайды оқу, оның ілімін өзінің ішкі жан дүниенде қорыту, өмірде ұстанымға айналдыру – ел ертеңі болар жастардың басты парызы болмақ. Сол себепті де мектеп қабырғасынан бастап Абай дүниетанымымен, шығармашылығымен таныстырады. Әрбір жас өзінің дүниетанымының қалыптасуында Абай айтқан «Жанның пайдалы тамағымен» сусындауға саналы түрде бет бұрғанда ғана толық адам жолына түсе алады. Абай адастырмайды, керісінше мына жалған дүниенің мәнін түсіндіреді. Абай армандаған адамзат-қандай жағдайда да шыншылдықты жоғары қоятын, жүрегі мейірім мен махаббатқа толы, еңбек пен кәсіпке адал, жауапкершілігі жоғары, білімі мен тәрбиесі сай кемел жанның жиынтығы. Барлығымыздың осы жолда жүруіміз кемелділігіміздің жарқын көрінісі болмақ. Абай айтқан имани гүлімізді азғындықтың аязына үсіруден, қатігездіктің желіне тоңдырудан, сыңарезуліктің тоқпағына сындырудан сақта-сын.

**Г.БЕКЖАН,
Теолог маман.**

Аудандық «Созақ үні» газетінде жұмыс істегеніме биыл 12 жыл болады. Осы жылдар ішінде түрлі тақырыптарға қалам тарттым. Солардан елге еңбегі сіңген еңбек адамдары, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, білім мен ғылым, денсаулық, спорт және мәдениет саласының майталмандары секілді түрлі жан иелері болды. Әрине, шығармашылық деген шабыттың шеңгеліндегі дүние болған соң жазғандарым бірде жоғары деңгейде жазылып, кейіпкерлерім мен оқырмандарымнан алғыс естіген кездерім көп болды. Тіпті, қайсыбір қаламы ұшқары аудан азаматтары редакцияға іздеп келіп, өздерінің жүрекжарды сөздерін айтып, жылы лебіздерін білдіргендерінде іштей қуансам да, бүртүрлі ұялып қалатынымын. Шығармашылық жұмыс болған соң мен жоғарыда сөз еткен шабыттың көк дөнені әркез көлденең көлбіп тұра бермейтіні бар емес пе, кейде

әсіресе, өскелең ұрпақты кейіпкерімнің анкетасымен таныстырып алған соң, әрі қарай не айтарымды күтіңіздер!

Сауранбайда туылып, дүйім Созаққа танылған тұлға

Сонымен, Қабылбек Аманбекұлы 1953жылы 18 сәуірде Созақ ауданы Жартытөбе кеншарының Бабата елді мекеніне қарасты Сауранбайында дүниеге келген. 1961-1968 жылдары Бабата ауылындағы М.Маметова атындағы мектепте, 1968-1970 жылдары Шолаққорған ауылындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте оқыған. 1975жылы Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институтын «Ғалым-зоотехник» мамандығы бойынша 1989 жылы Алматы жоғарғы партия мектебінің тыңдаушысы ретінде «Партия-кеңес қызметін ұйымдастыру-



дың, басшылардың тарапынан жаза алған емес. Көп жылғы жемісті еңбегінің арқасында халықтың және еңбек ұжымының қолдауымен аудандық комсомол комитетінің, Қазақстан компартиясы аудандық комитетінің бюро мүшесі, бірнеше мәрте аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған. 2016-2022 жылдар аралығында ауданның қоғамдық кеңестің төрағасы болып қоғамдық жұмыстар атқарған. Москва қаласында өткен бүкілодақтың жастар одағының XIX съездінің және Қазақстан ЛКЖО ХІҮ және ХҮ съездінің делегаты болып сайланған. Созақ ауданының «Құрметті азаматы» Қазіргі кезде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып, қоғамдық жұмыстар атқарады.

Қоғамнан алған марапаттары

Шынын айту керек, кейіпкерімді өзгелерден ерекшелейтін дүние ұзақ жылдар бойы ел мен жерге қызмет

Созақтың абызы 70 жаста

жазған мақалама өзге түгілі өзімнің де көңілім толмаған кездерім де болды. Сөйтсем, мұның түрлі себебі бар екен ғой. Солардан бірі де бірегей сенің өмірі мен еңбек жолын жазуға бекінген кейіпкеріңнің қоғамнан алған бағасына, сенің ол адамға деген құрметіңе байланысты екен ғой. Әсіресе, сен үшін сүйкімді болған біреуді өз көңіл қалауыңмен жазу саған кәдімгідей бір ләззат алып келеді екен. Дегенмен, осы 12 жылдың ішінде өз көңіл қалауыммен қалап алып, жазған, нәтижесінде, көңілімнен шыққан мақалаларым көп.

70 ке толып отырған бүгінге дейін Қазақ, Созақ қоғамынан өз бағасын

шысы, жоғарғы және арнаулы орта орындарының оқытушысы» мамандығы бойынша бітірген.

Алғашқы еңбек жолын 1975жылы Қазақстан ЛКЖО Созақ аудандық комитетінің нұсқаушысы болып бастап, 1975-1978 жылдары Қазақстан ЛКЖО Созақ аудандық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1978-1985 жылдары Қазақстан ЛКЖО Созақ аудандық комитетінің бірінші хатшысы, 1985-1987жылдары «Сызған» кеңшары партия комитетінің хатшысы, 1987-1989 жылдары Алматы жоғарғы партия мектебінің тыңдаушысы, 1989-1991 жылда-

Қабылбек Аманбекұлы мемлекеттік қызмет саласында бірнеше жылдар бойы жемісті және нәтижелі еңбегімен көпшілікке танымал.

Басшылық қызмет атқарған мекемелерінде іскерлігімен, талапшылықтымен, көздеген және қолға алған ісін тындырымды орындау қабілетімен ерекшелене білді. Әрбір мәселеге байсалды, ұқыпты қараумен, әділдік, дәлдік, нақтылық қызметтік қағидасына айналған мемлекеттік қызметкер болды. Ұжым арасында бедел мен абыройға ие, қоғамдық – саяси жұмыстарға белсенді араласып келеді.

Қабылбек Аманбекұлы мемлекеттік қызмет аясында заң талаптарының толық орындалуын тұрақты назарда ұстап, әділетті талап қоюшы, принципшіл, өз ой-пікірін бүкпесіз ашық айтып, азаматтардың өтініштеріне, талап-тілектеріне ерекше зейінмен, зердемен қарайтын, үлгі етерлік азамат, 41жыл қызмет атқарған кездері жоғары ұйымдар-

еткен мемқызметкерге тиесілі марапаттар мен алғыс біткеннің барлығына дерлік лайықты деп танылып, иеленуі еді. Алған марапаттары мыналар еді:

1. Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалімен.

2. «Қазақстан Конституциясына 10жыл» мерекелік медалімен.

3. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25жыл» мерекелік медалімен.

4. «Астанаға 20жыл» мерекелік медалімен.

5. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен.



алып үлгерген қоғам қайраткері, ауданымыздың Құрметті азаматы Қабылбек Еспенбетов. Тәуелсіздікке дейінгі Кеңес заманында туып, еңбек жолын ерте бастаған Ел ағасы ауданымыздың экономикасы мен әлеуетінің артып, руханиятының дамуына өз үлесін қосқан, тіпті, еліміз егемендігін алғаннан кейінгі 30 жылдан астам уақыт ішінде де ел мен жерге елеулі еңбек еткен жан.

Қабылбек ағамыз Жартытөбеде туып, сырлы Созақ жұртының экономикасы мен әлеуетінің артуына, руханиятының дамуына өзіндік үлесін қосып келеді.

Созақ елінің қадірлі ұлының өмірі мен еңбек жолына кезек берейін! Себебі, адамның өмірі мен еңбек жолы, шығармашылығы мен шежіресі жайлы мағлұматты тек сол анкетасынан, яғни, өмірдерегінен ғана нақты білуге болады. Олай дейтінім, пенделердің екінші бір пенде жайлы пікір айтуда түрлі пендешіліктерге баруы жаңалық емес. Өйткені, аты айтып тұр «пенде» деп. Ал енді, өмірдерек деген ол тайға таңба басқандай немесе тасқа қашап жазғандай дүние. Бір жазылды ма, өзгерте, өшіре алмайсың. Сонымен, оқырманымдарымызды,

ры Қазақстан КП Созақ аудандық комитетінің партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, Х/Д Созақ аудандық атқару кеңесінің коммуналдық меншік бөлімінің меңгерушісі, 1992-1994 жылдары Жартытөбе кеңшарының директоры, 1994-1997 жылдары «Бабата» ұжымдық шаруашылығының төрағасы, 1997-1998 жылдары «Бабата» өндірістік кооперативінің төрағасы, 1998-1999 жылдары «Бабата» жауапкершілігі серіктестігінің директоры, 1999-2002 жылдары аудандық халықты жұмыспен қамту бөлімінің меңгерушісі, 2002-2005жылдары аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің меңгерушісі, 2005-2007 жылдары аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған.

2007 жылдың ақпан айынан 2010 жылдың желтоқсан айына дейін аудан әкімі аппаратының басшысы, 2010 жылдың желтоқсан айынан 2012 жылдың қаңтар айына дейін, Құмкент ауылдық округінің әкімі 2012 жылдың қаңтар айынан 2016 жылдың мамыр айына дейін аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарып келді.

Жетпіс жас құтты болсын!

Аудандық ардагерлер ұйымының басшысы Еспенбетов Қабылбек Аманбекұлына

Жүрдек заман жылжуда,
Таң қаларлық нәр мұнда.
Есебі бар осында,
Адамгершілік пен ардыңда.
Жастық дәурен қалды артта,
Ілініп қыз қармаққа.
Көп несібе кездесті,
Алғы арманды жол жақта.
Оқуды сен тәмамадап,
Жолда ілесті саған бақ.
Еңбек жолың басталды,
Қол қусырмай қоғамдап.
Комсомолға хатшы боп,
Жүрдің алғаш шапқылап.
Қызметтік ғұмырда,
Көрді сені бақ сынап.
Оданда өттің алғашқы,
Қызмет жолы жалғасты.
Одан кейін қоғамда,
Болдың талай жол басшы.
Болып бар іс орынды,
Ашты тағы жолыңды.
Еңбек өттің ел үшін,
Жұмсап жігер, дарынды.
Қиналғанға қарастың,
Сыйласқанмен жарастың.
Мансап деген мейірімсіз,
Ішіне енбей таластың.
Партшколда оқыдың,
Меңзеп зерде татымың.
Елің үшін жұмсалды,
Бар бастағы ақылың.
Ие боп талай бөлімге,
Кірдің әр сәт сенімге.
Тазалықпен тік қарап,
Нарықтанған өмірге.
Сатылаумен жәй ғана,
Жүрдің ел деп ойлана.
Асты талай бастамаң,

Өз ауылыңда пайдаға.
Қиын кезде қыйналмай,
Алға ұмтылдың нұр бардай.
Ел жағдайы өтене,
Еншің болып тұрғандай.
Сол іс сені өсірді,
Бастатып өз көшіңді.
Жанашырға жалау боп,
Жақтырмастан кесірді.
Өтіп солай ғұмырын,
Көрдің қызмет тұғырын.
Жетпіс жаста өзгермей,
Сол баяғы ұғымың.
Орынбасар болып әкімге,
Жүрмей жолдың шетінде.
Үлес қостың аудандық,
Талай-талай шешімге.
Ал зейнетте бүгінгі,
Өзгертпестен үніңді.
Қарияларға жұмсадың,
Жинақтаған білімді.
Бар қарттары еліңнің,
Иесі болды сенімнің.
Құрметпенен қадірдің,
Иесі болып көріндің.
Ісіңе Қабылбек ырзамыз,
Сенсің басшы мырзамыз.
Көзалдында еліңнің,
Өз артында қалған із.
Тілеу менен амандық,
Әлі артамыз саған жүк.
Өз отбасың ұйысқан,
Көрмесін деп жамандық.
Сондай тілек біздегі,
Қарт бол ертең жүздегі.
Жақсылықтың ешқашан,
Мұқалмайды іздері.

Ізгі тілекпен:
Төлеген КӘРІБЕКОВ,
Созақ ауданының Құрметті азаматы.

8. Республикалық ардагерлер кеңесінің «Құрмет белгісі» төсбелгісімен.

9. Қазақстан Республикасы Президентінің «Құрмет грамотасымен».

10. Қазақстан Республикасы Президентінің 4-рет «Алғыс хатымен».

11. Қазақстан мәслихат хатшыларының бірлестігінің «Қазақстан мәслихаттарына -25 жыл» мерекелік медалімен.

12. Облыстық ардагерлер Кеңесінің «Ел ағасы» төсбелгісімен.

13. Бүкілодақтық Орталық комсомол комитетінің «Айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен.

14. Ұлағатты ұстаз Республикалық қорының «Елеулі еңбегі үшін» медалімен.

15. «Ұстаз жолы» қоғамдық қорының «Ардақты ардагер» орденімен.

16. Д.А. Қонаев қоғамдық қорының «Дара тұлға» медалімен.

17. Түркістан облысы мемлекеттік мекемелер қызметкерлері кәсіподағының «Еңбек озаты» төсбелгісімен.

18. «Тұлға тағылымы» қоғамдық қорының «Елеулі еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Ақпарат және қоғамдық даму министрінің «Алғыс хатымен» бірнеше мәрте Бүкілодақтық және Қазақстан комсомол ұйымдарының, облыстық аудандық партия комитеттерінің, облыс, аудан әкімдерінің, облыстық Мәслихаттың грамотасымен, алғыс хаттарымен, дипломдарымен «Ардагерлер ұйымы» Республикалық Қоғамдық бірлестігінің орталық кеңесінің «Құрмет грамотасын» иеленген.

Жалпы, жоғарыда айтқанымдай Қабылбек Аманбекұлы жайлы облысымыз бен ауданымызда, тіпті, республикамызда қалам тартқан азаматтардың қарасы көп.

Солардан, елімізге танымал болған, бүгіндері о дүниелік талантты журналист Мұхтар Атабектің «Қабыл Корчагин», Қазақстан Жазушылар Одағы мүшесі, ауданымызға танымал ақын Төлеген Кәрібековтың «Тектіліктің иесі», Созақ үні газетінен әріптесім, бүгіндері «Оңтүстік Қазақстан» газетінің тілшісі Дәулет Тұрсынұлының «Тұлпар тегіне тартады» деген тақырыптармен жазған мақалаларын бір-бір қарап шықтым. Барлығының дерлік мақалаларынан Қабекеңе деген ерекше құрметті, бөлекше бағалауды байқауға болады. Әсіресе, ауданымыздың білім саласына елеулі үлес қосқан арда ұстаз, кейіпкерімнің асыл ағасы Ах-



метбек Сопбековтың інісі жайындағы «Үшбастан ұшқан ақиық» тақырыбында «Зейнеткер» және аудандық «Созақ үні» газетерінде жарық көрген жылылыққа толы мақалалары өте әсерлі шыққан екен.

Мен жоғарыда Қабылбек Аманбекұлын адам ретінде бала кезімнен танысам да азамат, ел ағасы ретінде тануым 2011 жылы аудандық «Созақ үні» газетіне қызметке келуіммен байланысты деп жазған едім. Сол 12 жылдан бері Қабыл ағамен жолымыз ауданымызда өткен түрлі жиындар мен ресми және бейресми іс-шараларда тоғысқаны бар. Әрине, тоғысқан тағдырымыздан Қабекең жайында көкірегіме тоқығандарым да же-



терлік. Солардан ең бастысы, мынау бауырлас түрік жұрты айтатындай Қабекең дұрыс адам. Олай дейтінім, мақаланың басында айтқанымдай, қазақ еліне орасан зардаптар әкелген кешегі кеңестік тоталитарлық жүйеде туып, тәрбиеленіп, қызмет еткен. Егемендігін алса да елдің еңсесін бір тіктей алмаған Ескі Қазақстанда еңбек етсе де сыбайлас-жемқорлық секілді індетке ұшырамай, адамдығын, адалдығы мен азаматтығын сақтап қалуы сол туа бітті дұрыстығынан деп білемін. Әйтпесе, кежегесі кері кеткен Кеңес заманында да онан кейінгі отанымыз үшін опасыз отыз жылдықта да жолдан тайып, заңсыз байып, бұрыс болған адамдар аз болмады. Әрине, тағдыр талай тоғыстырса да қазақта ерінбеген адамның біразы өмірі мен еңбек жолына қалам тартқан Қабылбек Аманбекұлы жайлы жазу маған да оңай болмады. Дегенмен, кейіпкерімнің бір ғана дұрыстығы мен үшін көп нәрсені ұқтырады. Себебі, бір мемлекеттік қызметкер, қоғам қайраткері және аудан ақсақалдарының абысы болу үшін ең басты қажетті қасиет ол-дұрыстық. Дінде де дұрыстық жайлы сөз болғанда ардақты Пайғамбарымыз: «Дұрыстық ол әуелі Аллаға, кейін өзіне, отбасы мен қоғамына дұрыс болу» деген мағынада өсиет айтқан екен. Ендеше, кейіпкерімнің дұрыстығы жайлы өзімнің пікірімді қуаттап, толықтыру үшін Қабылбек Аманбекұлының достарына, әріптестері мен қызметтестеріне пікір айту кезегін берсем:

аттың үстінде жүріп, елге еңбек сіңіріп, 70 жасқа келді. Мерейлі жасыңыз құтты болсын, Қабеке. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін!»

Салыхан ПОЛАТОВ.

«Жақсы адам туралы жақсы пікір айту үлкен ганибет. Қабекеңмен мектепте қатар оқыдым, дос болдым. Біздің балаларымызда дос, бірге өсті. Олда адамға үлкен қуаныш сыйлайды. Кеңес заманында мен қызметті совхоздан бастасам, Қабекең комсомолдан бастады. Аудандағы компартия бюросына мүше 7 азаматтың бірі болды. Абырой биігінде қызмет етті. Тәуелсіздік жылдары ауданның дамуына еңбек сіңірді. Бөлім басшысы, аудан әкімі аппаратының басшысы болды. Қиын замандарда қатар еңбек еттік. 2000 жылдары ауданның облыстағы көрсеткіштерінің жоғары болуына елеулі еңбек сіңірді. Ауданның 80 жылдығы, қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың 110 жылдығын жоғары дәрежеде өткізді. Қабекең мемлекетшіл, досқа адал азамат. Қабылдай досқа ұзақ гұмыр, зор денсаулық, кіндігінен өрбіген ұрпағының рахатын көруді тілеймін!»

Созақбай ӘБДІҚҰЛОВ.

«Қабылбек Еспенбетов - жастайынан ел ісіне араласып, өз ісін жетік меңгерген азамат. Қызметтің барлық сатысынан өтті. Комсомолда, партияда қызмет етті. Қай салада жүрсе де абырой биігінен көрінді. Бүгінде ауданның ардагерлерінің басын қосып, ұрпақ тәрбиесімен белсенді айналысып келеді. Қабылбек жұмысына шын берілген жан. Быылғы өткен Түркістан облыстық ардагерлер ұйымының I Пленумында «Үздік төраға» атанды. Өзі жетекшілік ететін Созақ ауданы ардагерлер кеңесі, Түркістан облысындағы үздік ұйым болып танылды. Тапсырылған жұмысты жауапкершілікпен атқарып, аудан халқының абыройын көтерді. Міне, 70 жасқа толса да аяғай елге еңбек сіңіріп келе жатқан азаматтың жігеріне риза боласың».

Сексенбай ТҰРЫСБЕКОВ, Түркістан облысының Құрметті азаматы.

Құрметті Қабыл Аманбекұлы! Мерейлі мерекеңіз жетпіс жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекеттік қызметте ұзақ жылдар істеу тәжірибесі, оның талаптары принципі, бүгінгі қоғамның дұрыс бағытта қалыптасуына әсері тигені сөзсіз. Бұл бағытта істеген жұмыстарыңыз баға жетпес құндылыққа еге. Ұстанған бағытыңыздан ауытқыған емессіз. Соның арқасында қазіргі аудан ардагерлер кеңесінің жұмысы Облыс, Республикада алдыңғы орынды алып келеді. Оның көшбасшысы өзіңсіз. Қай салада істесеңіз де жаңашыл, еңбекқор, шыңдалған басшы бола білдіңіз. Тынымсыз істеген еңбек арқасында жоғары орындардан қаншама марапаттар мен алғыстарға еге болдыңыз. Жоғары басшылықтан қатаң шаралар мен жаза алғаныңызды естіген емеспіз.

Сіздің отбасыңызбен өмірлік серігім Дәнегүл екеуіміз студент кезімізден араласып келеміз. Сенімді дос ретінде сіздерден үлгі аламыз.

Қадірменді Қабеке, бір ауылда дүниеге келіп, жастық шағымызды, міне бүгін 70-ке толып, қарттың шағымызды бірге тойлап отырмыз.

Жаратушы Алла тағала ұрпақтарыңызды, отбасыңызды аман қылып, Алтынай екеуіңізге солардың қызығын көруді нәсіп етсін.

Жерлестеріңнің, ауылдағы достарыңның атынан мықты денсаулық, ұзақ гұмыр тілеймін!

Садық ӘБДІРАШҰЛЫ, Бабата ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Иә, Жартытөбеде туып, жұрттың баласына, елдің ағасына, ауданымыздың атасына айналған арда азамат жайлы аз жаздық, көп жаздық, бек жаздық! Ендігі жерде жетпістің желкесіне шығып, сексеннің сеңгіріне көз тастап тұрған ел ағаларына (Әліпбек Селтеков, Пардабек Сақтапбергелі), Қабылбек Аманбекұлына арнайы: «Мерейлі жасыңыз құтты, мерекелі де берекелі болсын! Қазақ абысына, ақсақалына балап, әлі күнге аузынан түсірмейтін Димекең, Димаш Ахметұлы Қонаев қария сіз жеткен 70 жасқа келіп, мерейтойын өткізіп жатқанда елдің бір сыйлы қарты тұрып: «Шырағым, Димаш! Желкілдеп жетпіске келдің, селкілдеп сексенге шық! Тағдыр жазса, тоңқаңдап тоқсанға да келерсің. Жүзге жет! Жүзге жеткеніңде де осылай жиналып, ел мен жұрттың жайын ақылдасармыз!» деген екен. Тағы да сол Димекеңнің ел аралап жүріп, ағайынның арасында тұрып, елуге келгенін сөз етіп тұрып, езу тартып: «Қария елу деген не ол? Қазақта: «Ердің жасы екі елу» деген есті сөз бар дегені бар көрінеді. Сол дуалы ауыз, қазыналы қарттар айтпақшы, барлығыңыз да ердің жасы болған екінші елу, жүзге жетіңіздер. Жақсылы-жаманды жұрттарыңызға қызмет еттіңіздер, елдеріңіз елеп, қоғамыңыз қолпаштап «Құрметті азамат» деген ең жоғарғы алғысын арқалатты. Демек, сол мен сөз еткен дұрыстығыңызбен осы құрметке лайық болдыңыз! Ендігі жерде, ізіңізден ерген інілеріңізге елеулі аға, батаңызға мұқтаж балаларыңыз мен немере шөберелеріңізге айтулы ата болыңыз! Келешек ұрпақ сіздердің дұрыстықтарыңыздан дәмелі боп өссін! Мынау, мемлекеттік қызметте, билікте жүрген бауырларыңыз бен балаларыңыз бұқарамен байланысында сіздерге қапақ бой, дұрыстықтарыңызға қарап ой түзесін! Қажет болды, қатарластарыңыз қызметіңізді бағалап, заманында «Қабыл Корчагин» атады. Дегенмен, ендігі ұрпақтың есінде, жадында қазақтың қоғам қайраткері, Созақтың Құрметті азаматы ретінде қалыңыз! Балалығыңызды балдай, жастық шағыңызды жаздай, жігіттік шағыңызды жаңылмай-жазбай өткізген азаматсыз. Ендеше, қарттығыңызды, қалған өміріңізді халқыңыз үшін қазынадай, қадір-қасиетіңізден арымай өткізуіңізге тілектеспін! Бар болыңыз, нар болыңыз, аудан халқы үшін ар болыңыз!

Данияр БЕК, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Талай ақын мен сазгерге шырайлы шабыт, қалагер қуат берген Қарағұр өзені жыл сайын көктемде жағасын жұлқи, тасып тасқындай түсетін. Мектепті сол жылы бітірген Айсұлу да асқақ арманның құшағында еді. Әке мен анасының, әпкесінің алдында бұла өскен ару қыз әдебиетке, оның ішінде поэзия әлеміне құмар болып өсті.

Мұқағали мен Төлегеннің, Мұхтар мен Нәжімеденнің жырларын жатқа оқып, Әуезов шығармаларымен өзін езі шыңдай білген Айсұлудың бар арманы әдебиетші болу еді. Қиялына ерік беріп Қарт Қаратаудың бөктерінен көктем шықса қызғалдақ теруге асығатын. Құрбыларымен бірге құба белге шығып, өлең оқып, бар даусымен тау жартастарын жаңғыртып ән айтатын. Өзінен үлкен әпкесі әсем қала оқуға аттанғанда ауылда ата-анасымен бірге тілеулес болып қала берді. Аралары екі жас болса да арқа



«Бала ғашық» әнімен баршаға танылған немесе әйгілі әннің кейіпкері 70 жаста

сүйер ағасындай, белін буар бауырындай құрмет тұтып әпке дейтін. Айсұлу отбасында ата-анасына қолғабыс бере жүріп ер-азаматтың да тірлігін атқара беретін. Шөп шабу, жер аудару, мал жайғау, үйдің сылағы түскен жерін сылау, сырлау жұмыстарын бір өзі мойымай атқарды. Мектепте жақсы оқитын оқушылар қатарында оқыған Айсұлуға Орынбасаров Мелдехан, Ахметов Құрманқұл, Мүлкібаев Толыбай, Сүйінжанов Сейітжан, Пәрімбеков Әлімтөре, Смайлов Қантай ағайлар ұстаздық етті. Сөз кезегінде айтар болсақ Әжібаева Айсұлу Ешханқызы 1953 жылы 25 сәуірде Алтынтау колхозында дүниеге келген. Алтынтау атты ауыл қасиетті де құтты мекен. Қазақ халқының ардақты ақын қызы Бәтима Батырбекова осы құтты мекенде дүниеге келіп:

Армысың Алтынтауым, арай тауым,
Саз қосқан самалына Сарыарқаның.

Жүректі шымырлатқан от сезімді,
Сенен тауып жаңартамын.
Елестеп еліңдей сылаң сезім,
Келеді көз алдыма бұла кезім.
Мен, сірә қартаймаймын, ортаймаймын.

Құшаққа ап мәңгі жылытып тұрғанда өзің.

Мен үшін салтанатың бөлек те еді.
Ерекше қарт қарияң зерек те еді.
Бөленген ән жырына туған ауылым,
Сен мені ұстазымдай жебеп келдің,
деген ақын апасының «Алтынтау» деген өлеңін Айсұлу мектеп қабырғасынан жатқа айтатын. Кіндік қаны тамған киелі Алтынтау бөктеріне барған сайын сонау балалық шақтағы Бәтима апасы жырлаған саялы талдарды көріп, анасымен талай жүрген күре жолдың сурлеуі мен тау бөктерінің сұлу табиғатына еріксіз сүйсінетін

Қаратаудың солтүстік шеткейінде
Алтынтау теріскейдің беткейінде.

Жайқалып жалғыз түп тал көз тартады,

Қызылбайрақ жолымен өткенінде,
деп ақын жырлағанындай біле білсеңіз.

Алтынтау өңірінде Бәтимадан алдын Шалданбай әулие, Иса, Жанәділ болыстар, Зейнетай мен Асқар ақындар дүниеге келген. Осындай киелі топырақта дүниеге келген Айсұлу әрине өлең-жырға құмар болып өседі. Бірақ өлең-жырдың кейіпкері боламын деп ойламапты. Көрсек көз тойындай келісті де келбетті аруды «менің жарым болса ғой» деп армандамайтындай жігіт жоқ еді. Әнтек қимылды әсем сипаты, тәрбиелі ортада өскен қызға ғашық болмау мүмкін емес. Ару қыздың ажары жоғары оқу орнын бітіріп келген бойдақ, қырандай көз тіккенін іліп түсер Байділданьң жүрегін еріксіз жаулап алған еді.

Жатса да тұрса да Айсұлудай аруды күндіз-түні ойлап ұнжырғасы түседі. Ақырында Байділда ақын досы Ескермеске іштегі құса болған ма-

хаббат қайғысын айтады. Алдында өзі іштей күбірлеп «бала ғашық», далаға шық» деген бір қатар сөзді қайта-қайта айтып жүрген. Ескермес Байділда досының айтақ ойын сезіп түн жарымы ауып кетсе де досының атынан болашақта қазақ халқына мәңгілік мұра болып қалатын әннің сөзін тудырады.

Ертеңіне ақ қағазға әдемілеп көшіріп, астына «Сәлеммен Байділда» деген сөзді қосып, айқыш-ұйқыш қолын қойып хатты сырттай сүйіп, ұнатып жүрген Айсұлуының қолына тигізуге тырысады. «Балалық сезімменен, бірге өстім өзімменен, Ояңды ақ махаббат, ешкімге сезілмеген. Қош енді балалығым, кеудемде қалады үнің. Сыйлауға саған еркем, Жинадым дала гүлін» деген сыршыл өлең жолдары ақ параққа құйыла берді.

«Ұмытпасам бұл өлең 1974 жылы жазылды. Мен Сарыағаштағы Қап-ланбек техникумына оқуға түсіп, сту-

сағынышпен еске алады.

Байділда аға Алматы қаласындағы Қазақ ауылшаруашылығы институтының экономика және қаржы бөлімін үздік бітіріп Ф.Энгельс атындағы іргелі үлкен шаруашылықтың әр саласында есепші, бас есепшінің орынбасары, бас есепші болып еңбек етті. Арада уақыт жылжып кездейсоқ кездесулер баянды бастауға жол салады. Қарағұрдың айлы түндерінде терезесінің тұсына келіп сұлу да сымбатты жігіт «бала ғашық, далаға шық» деп тұрғандай кездесулер мен сырлауға толы таңдарға ұласады. Осылайша отбасын құрып Байділда ағамыз бен Айсұлу әпкемізден үш ұл, үш қыз тарайды. Отбасының үлкені Лиза жұбайы Дәуренбек, екінші қызы Гүлжанар, жұбайы Мият, Мақпал жұбайы Сәбитпен Алматы қаласында тұрады. Лиза мен Гүлжанар әке жолын қуып есепші болса, Мақпал ағылшын тілі

ұлттық телеарнасының бірлесе ұйымдастыруымен «Біз естімеген бір ән» атты телевизиялық байқау болды. Аталмыш байқауда осы «Бала ғашық» әні шырқалды. Әнді орындаған Қарағұрдың қарлығышы, прокуратура қызметкері, бүгінде марқұм болып кеткен аяулы қарындасымыз Момынханқызы Шағала топты жарып шығып, «Жылдың үздік әні» номинациясын жеңіп алды. Ол уақытта Шағала мектеп оқушысы болатын. Бүкіл Қазақстан дүр ете қалды. Әнді естігенде өзіміз де ерекше қуандық. Ескермес ағамыздың жазған сөзіне ән жазған әйгілі сазгер, ол да жерлесіміз Әділбек Төлегенұлы болатын. Әрине, әнмен бірге оның авторының да аты республикамыздың түкпір-түкпіріне тарайды.

Расында ақын мен композитордың аты мен атағын паш еткен бұл «Бала ғашық» әні «Бас жүлде» иеленген соң, артынша іле шала сол кездегі облыс

әкімі, өлмес өнердің жанашыры Бердібек Сапарбаев арнайы қабылдап «Облыстың ең үздік композиторы» атағын береді. Сондай-ақ облыс әкімінің стипендиясының иегері атанады.

Әрине, Байділда ағамыз бүгінгі күнді көре алмады. Өмірінің соңғы жылдары жеті-сегіз жылдай ауырып жүрді. Тура, дендеп келген науқастан Байділда аға 2002 жылы өмірден озды.

Қайсібір жылы аудан орталығындағы А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде марқұм, ұстаз Манат Тұрысбекова «Бала ғашық» атты әдеби драмалық кеш өткізіп, қос ғашық Байкең мен Айкеңді шақырған екен. Одан бері де ширек ғасырдай уақыт өтіпті. Бүгінде бұл қазақ халқына танымал әнді жерлесіміз, «Мұзарт» тобының мүшесі Кенжебек Жанәбілов өз репертуарына енгізіп, кеңінен орындап жүр.

«Біз Ескермес ағайдың үйімен тығыз достық, туыстық қатынаста болдық. Байкең өнер десе ішкен асын жерге қоятын. Есаға екеуі бір класта оқыды. Араларынан қыл өтпестей дос болды. Оның үстіне бір жылда туыған құрдастар еді.

Бибан деген сүйікті жары адами қасиеті мол көргенді жердің қызы еді. Есағаның алдынан қия көлденең өтіп, бір ауыз сөзбен бетіне келген емес. Екеуі де досқа адал, бауырға қамқор, ауыл-аймаққа сыйлы жандар болды. Бізді мәңгілікке жәп еткен бір өлеңі үшін мәңгілік ризамын. Байкең де досы десе аузындағысын жырып беріп, қолындағы барын досымен бөлісуге даяр жаны жомарт, жүрегі кең азамат болды. Осындай Байділдадай адал жар, Ескерместей сыйлас дос, Бибандай қимас құрбыны сый еткен Аллаға мың шүкір! Жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын,-дейді биыл жетпіс жасын тойлағалы отырған ақ жаулықты, ақ әже, ару ана Айсұлу апай. Аудандық әжелер кеңесінің мүшесі. Қарағұр ауыл әкімдігі жанындағы ауыл әжелер комитетінің төрайымы, «Аялы әжелер» медалінің иегері, ауылдың сыйлы да абыройлы анасы биыл жетпіс жасқа толып отыр. Ақ әжемізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасылық ана бақытымен баянды ғұмыр кеше беруіне шын көңілмен ниеттеспіз. Хакім Абай атамыз: «Құдай-ау, қайда сол жылдар, Махаббат, қызық мол жылдар? Ақырын-ақырын шегініп, Алыстап кетті-ау, құрғырлар»-деп жырлағанындай өткен күндердің әр сәті мәңгілік естелік болып қалды. «Қош енді балалығым, кеудемде қалады үнің. Сыйлауға саған еркем, Жинадым дала гүлін» деген сыршыл ән жүрек түкпірінде баяу айтылып тұрғандай көңілге бір жылылықтың нұрын құя берді.



дент атанып ауылға келген кезім болатын. Менің қолыма да хат болып сол кезде тиді. Алдында өрімдей болып бойжетіп, жоғарғы оқу орнына-Қазақтың Қыздар педагогикалық институтының 1-курсына түсіп, студент атанып, енді оқуын жалғастырып жүрген Бексұлу әпкем аяқ астынан ауырып қайтыс болды. Бұл 1969 жылы болатын. Одан кейін тек ата-анамның бақытынан, күнделікті жағдайынан басқа нәрсе ойлауға мұрсат болмай жүрді. Өзім де Сарыағаштағы Қапаланбек техникумының есепші-бухгалтер бөлімін бітіріп келіп совхозда бухгалтерия бөлімінде қызмет етіп жүргенмін. Мына хат менің өміріме үлкен өзгеріс әкелді.

Отбасын құру, сүйген жарымды табу, бала сүю деген ойлардың тылсым күші санама енді-енді келе бастағандай. Менің өмірге деген құштарлығым мен жарқын күндерге деген үміт саңылауына жарық түскендей болды,-деп сол жылдарды Айсұлу апай

маманы. Ұлы Қанат ауылда мәдениет үйінде, келіні Гүлайра бес саусағынан бал тамған білікті аспаз, ұлттық тағамдардың бесаспап маманы, үйдің ортаншысы Самат Қарағұр жалпы орта мектебі директорының орынбасары, келіні Мөлдір-ұстаз. Үйдің кенжесі Ерзат аудандық орталық емханада дәрігер-хирург, кенже келіні Динара кәсіпкерлік орталықтың бөлім басшысы. Айсұлу апайдың өзі совхозда есепші, орталық асхананың меңгерушісі болып жүріп зейнеткерлікке шықты.

Марқұм Байділда ағамыз бен Айсұлу апайдың бүгінде құдайдың берген 21 немересі бар. Немерелері оқу озаттары, түрлі аудандық, облыстық байқаулардың жеңімпаздары, былайша айтқанда қастерлі шаңырақта ата-әжесі іспетті шығармашылыққа жақын, өнерлі балалар өсіп келеді.

Осыдан 23 жыл бұрын, яғни, 2000 жылғы қаңтар айының ортан бөлігінде «Жас Алаш» республикалық қоғамдық-саяси газеті мен «Қазақстан-1»

Мақсат ҚАРФАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Құқық бұзушылықсыз әскер

2023 жылдың 7 сәуірінде Созақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жеке құрамымен Шымкент гарнизоны әскери полиция бөлімінің қызметкері капитан Ербол Жайынбайұлы Айтбаевтың қатысуымен ҚР Қарулы Күштері әскери полиция органдарының 2023 жылға арналған «Өмірді сақта» атты бағдарламасы аясында әскери ортада құқық бұзушылықтардың алдын алу іс-шарасы өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – елімізді қорғау саласында өз үлестерін қосып жүрген әскери қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлық және басқа да қылмыспен құқық бұзушылықтардың алдын алу, заң бұзушылықтарға жол бермеу. Осындай тиімді іс-шаралар. Арқылы заң бұзушылықтың алдын алып, сыбайлас жемқорлық және қылмыс пен құқықбұзушылық әрекеттерге жол бермеуіміз тиіс. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық тәуекелін азайту және азаматтардың Қарулы Күштерге деген сенімін көтеру басты назарда екенін де айтып өтті. Іс-шара соңында әскери полиция қызметкері, капитан Ербол Жайынбайұлы жеке құрамға қызметте адал, көктемгі шақыру науқаны жұмыс барысында сәттілік тілейтінін жеткізді.

Созақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі.

Дала, орман өрттерінен сақ болайық!

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары бәрімізге белгілі, дала орман өрттері табиғи немесе жасанды болуы мүмкін.

Табиғи дала орман өрттері найзағайдың әсерінен, күннің қатты яғни 45-50 С ыстығының әсерінен құрғақ шөптердің өздігінен жануы мүмкін себебі олардың тұтану температурасы жоғары болады; Жасанды дала орман өрттері адамдардың күнделікті өрт қауіпсіздік ережесін сақтамағандықтан пайда болатын өрттер. Адамдардың шылым шегіп толықтай сөндірмей тастап кеткенінің әсерінен, кішкентай балалардың сіріңкемен ойнау нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Сондықтан да 2022 жылы болуы мүмкін дала және орман-тоғай өрттерінің алдын алу мақсатында төмендегі іс-шараларды орындау қажет:

- Шаруа қожалық иелері өздерінің егістік алқаптарының айналасына минералды жолақтар жүргізуі қажет;

- Барлық ауыл шаруашылық техникалары ұшқын ұстағыштармен, екі дана өрт сөндіру құралдарымен (огнетушитель) жабдықталуы тиіс;

- Мал азығын даярлау, егін ору кезінде шаруа қожалық иелері бірігіп ортадан бір өрт сөндіруге арналған соқалы тракторды кезекшілікке қою қажет;

- Дала, орман өрттерінің алдын-алу шараларында, орманның аса өрт қауіпті аймақтарына адамдар мен техникалардың кіріп шығуына шектеу қоюға;

- Дала, орман өрттеріне қарсы өзара бірлескен іс-қимыл жоспарын жасап, орман қоры жерімен шекаралас аймақтарда өрт қауіпі маусымы кезінде ауыл округі бойынша ерікті өрт сөндіру жасақтарын ұйымдастырып, құрамы бекітіліп дайын болуы қажет;

- Ауыл әкімдіктеріне шекаралас орналасқан орман қоры жерлеріне өрт сөндіруге бейімделген және жанар-жағар маймен қамтамасыз етілген техникалар жасақталып дайындықта тұруы керек;

- Бидай немесе шөп ору науқанында желді күні ору жұмыстарын тоқтатуын қамтамасыз ету қажет;

Әлібек Бақытбекұлы,

Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау капитаны. Б.АЛИЕВ,

Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Суға шомылу кезіндегі ережелер

- Тек қана суға шомылу үшін бөлінген жағажайлар мен орындарды пайдаланыңыздар.

- Қоршау белгілерінен әрі бармаңыздар, тыйым салынған орындарда суға шомылмаңыздар.

- Ата-аналар және балалар мекемелерінің жетекшілері! Балалардың қадағалаусыз шомылуына жол бермеңіздер!

- Мас күйде суға шомылуға тыйым салынады.

- Суға абайлап кіріңіз. Денеңіздің суға бейімделуіне мүмкіндік беріңіз.

- Өзіңізді қалтырауға дейін жеткізбей, 10-15 минутқа дейін ғана шомылыңыз.

- Аяқ-қолыңыз тартылған жағдайда - сасқалақтамаңыз, су бетінде қалуға тырысыңыз және көмекке шақырыңыз.

- Жүзе білмесеңіз, белден жоғары тереңдікке бармаңыз.

- Суға жалғыз шомылмауға тырысыңыз.

- Мас күйде суға шомылуға болмайды.

- Ағысқа түсіп кеткен жағдайда ағысқа қарсы жүзбеңіздер, ағынды жағаға жақындауға пайдаланыңыздар.

- Иірімге түсіп кетсеңіз, үрейге бой алдырмаңыз, терең дем алып, су астына сүңгіңіз де, ағыспен су бетіне шығыңыз.

- Суда тентектіктерге жол бермеңіз. Апат туралы жалған дабыл бермеңіздер. Бір-бірлеріңізден көз жазып қалмаңыздар.

- Қыздырылған күйі суға кіруге және тамақ іше салып суға түсуге болмайды.

- Егер өзіңізді нашар сезінсеңіз, суға шомылуды дереу тоқтатыңыз.

- Үлкен толқындар кезінде шомылмаңыздар және таныс емес орындарда суға секірмеңіздер. Қайықтан, айлақтан және басқа су құрылыстарынан сүңгімеңіздер.

- Жағажай жағалауларымен айдындарын ластамаңыздар. Өзіңізбен үй жануарларын әкелмеңіз.

- Шомылғанда автокөлік доңғалағы камерасын, тақташаны, допты, үрлемелі матрасы т.б. қолданбаңыздар. Сақтансаң құдай сақтайды деген абай болайық ағайын.

Мағжан ӨСКЕН,

Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Бірлесеміз күресеміз!

Егер сіздердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына қатысты нақты ақпараттарыңыз болса Агенттіктің 1424 колл орталығына хабарлауға болады. Қоңырау шалу тегін, әрі құпия. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2 ақпандағы №802 Жарлығымен 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы енгізілді.

Тұжырымдама 7 бөлімнен тұрады. Онда жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту, парасатты қоғам қалыптастыру, жемқорлықты азайту, жазаның бұлтартпастығын күшейту, азаматтық қоғамды тарту және тағы басқа маңызды

мәселелер қамтылған. Тұжырымдамадағы басты жаңашылдықтардың ішінде негізсіз баюға жауапкершілік енгізу, шетелдегі активтерді қайтару, заңды тұлғалардың жемқорлық үшін жауапкершілігін арттыру. Бұл жалпыға бірдей декларацияның жалғасы. Өздеріңізге белгілі, 2021 жылы мемлекеттік қызметшілер кірістер туралы алғашқы декларацияны тапсырды. 2022 жылы олардың кірісімен шығысын салыстыру басталды. Ал 2025 жылы барлық азаматтар кірістер туралы есеп берсе, 2026 жылы шығыстарын көрсетеді. 2027 жылы-барша халықтың кіріс пен шығыс айырмашылығы белгі-

лі болады. Бұл-коррупцияға қарсы саясаттың нағыз нәтиже көрсететін кезеңі болады. Яғни, заңсыз кірістерді көлеңкеден шығару. Ең бастысы- мемлекеттік қызметке баю үшін келудің мәні қалмайды. Сонда, болашақта таза және адал ұрпақ қалыптасады деп есептейміз. Сондықтанда қорыта келгенде, Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде, - дегендей барлық қызметкерлерге Отан алдында жүктелген міндеттеріңізді адал атқаруға шақырамын.

Мұрагер БИХАН,
Қарақұр ауылдық округі әкімі аппараты мм-сі бас маман заңгері.

Жемқорлыққа жол жоқ

Президентіміздің халыққа арнаған әрбір Жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық көшенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне қатысты екендігін, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетіп келеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында: «Сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр,

бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті» деп көрсетілген.

Қоғамды сыбайластыққа қарсы насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Халқымызда еңбекпен тапқан нан тәтті деген асыл сөз бар. Қай кезде де адамды адам ететін адал еңбектің құндылығы жоғалмайды. Бәріміз Мемлекеттің дамуы үшін адал еңбек етіп, табан ақы маңдай терімен тапқан табысты қанағат тұтып, адалдық арынан аттамау мақсатын алға қойған абзал.

Біржан АЛШЫНБЕКОВ,
аудандық статистика басқармасының жетекші маманы.

Сыбайластықпен күрес-баршамызға ортақ

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай: мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану; қоғамдық бақылау институттарын енгізу; мемлекеттік сыңайлы және жеке меншік секторларында сыбайлас жемқор-

лыққа қарсы әрекет жасау; құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлықты түсіндіруге жол бермейді», әкімшілік іс жүргізу кодексінің

талаптары, экстремизм мен діни терроризмнің алдын алу. Кездесу соңында деңгелек үстелдің қатысушылары бірауыздан қорытындыға келді, бұл күрестің жемқорлыққа жол бермейтіні шексіз болуы керек. Тек бірлескен күш-жігер арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Қанат АҚБАЕВ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі. Б.АЛИЕВ,
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Орман алқабын амандықта сақтайық!

Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Мемлекетіміздің «Жасыл аймақ» бағдарламасы бойынша табиғатты өрттен қорғау жұмыстары қолға алынып, көптеген шаралар өз деңгейінде жүзеге асырылып жатыр. Табиғаттың көркі айналамызды қоршаған саялы бақтар мен орманды дала, сексеуілдер мен жыңғылды алқаптар екені белгілі. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруі керек.

Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және қыста болады. Оның негізгі себебі – ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан, қысты күндері аңшылыққа шыққанда от жағып жылындан, ас әзірлеуден туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орманда зиянды жәндіктердің, ағаша ауруларының таралуына қолайлы жағдай туады. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Жазғы уақытта шыжыған күндері көптеген жеке азаматтар ыстықтап, ұйымдасып тау баурайына сөйілге шығып серуендеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен таулы аймақта орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп

отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десеңіз, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздеме жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демекше лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді.

Талғат САДУОВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің күзетші-қорықшысы.

Шағын ғана ауылда дүниеге келіп, туған жердің кәусар ауасымен тыныстап өскен біздер, сол елді мекендегі мектептің табалдырығын пәк, балалық көңілмен аттадық. Ол кезде оқушылар үшін мұғалім ерекше жаратылыс иесі болып сезілетін. Оларға қатты еліктейтінбіз, соларға ұқсағымыз келетін. Қолымызға қалам ұстатып, әріп танытқан бастауыш сынып мұғалімінен бастап бізге идея еді. Кейін төртінші сыныптан қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген Жылқыбай Рысқұлбековті шәкірті ретінде өзіме жақын тұтып, еңбегін жоғары бағалайтынмын. Тәжірибелі ұстаз сабақ бергенде оның дәрісін сыныптағылар сүйсіне тыңдайтынбыз. Ол сабақ түсіндіру барасында әдебиет кейіпкерлерінің образына шынайы кіріп кететін. Кей күндері сабақ бітпесе екен деп, балалық қызығушылыққа берілетін едік. Әдебиетке жақын болуға жетелеген тұғын. Есейе келе Жылқыбай ағайымыздың шәкірт тәрбиелеу ісінде ғана емес отбасында да өнегелі, балажан кісі екендігін білдік. Өмірлік жары Құлжабаева Алтын әпкеміз ауылдағы медпунктің ұзақ жылдар меңгерушісі болып, денсаулық саласында қызмет етті. Талай сырқат жан-



қаласы, Стамбул университетінде тағылымдамалардан өткен.

Созақ ауданының мақтанышы Дидар Жылқыбайқызы қазір Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің қазақ тілі білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасында жұмыс істейді. Ұжымдастары арасында беделді. Студенттері де білімді, білікті ұстаздарын құрмет тұтады.

Теріскейдің шынашақтай қызы өзі өсіп, қанаттанған өңірін үнемі мақтан етеді. Қасиетті Баба Түкті Шашты Әзіздің Жылыбұлағынан нәр алып, Қызылкөлдің шипалы суынан бойына қуат дарыған Дидар Алматыда бірдей университетте оқытушылық қызметін абыройымен атқаруда.

Оның нағашы атасы Құлжабай Төлеуов қазақтың халық ақыны. Әкесі Жылқыбай Рысқұлбеков мақаланың басында айтқанындай, ұзақ жылдар М.Әуезов атындағы орта мектепте мұғалім болып, зейнеткерлікке шыққан. Әңгіме арасында айта ке-

Құлжабай Төлеуовтен бата алған. Марқұм Әселхан апа ақын көкесін аузынан тастамай айтып жүретін. Дуалы ауыз ақын атасы Дидардың да болашағына сеніммен қараған тұғын. Міне осындай ақ жарма тілек қабыл болып, Дидар Жылқыбайқызы алға қойған биік мақсатына қол жеткізді.

Жылқыбай өсірген ұл-қыздарының қатарының алды болып жүргеніне үнемі шүкіршілік етеді. Немересі Досхан Жылқыбай республикаға танымал жас жазушы. Жас та болса бірнеше кітап шығарды. Жастардың сүйікті жазушысы. Алматы қаласында газетте қызмет істейді. Ол да Қызылкөлдің түлегі. Оның да жазушы деген құштарлығы мектепте жүргенде басталған. Әрине оның да жазушы болып қалыптасуына Жылқыбай Рысқұлбековтің қосқан үлесі мол. Досханның бойына тым кішкентай кезінен хисса-дас-тандарды, ертегі, әңгімелерді құйып өсірді. Қасынан бір елі қалдырмай жүріп оның жүрегіне сөз мәйегін сіңірді. Нәтижесінде Досханды жазушы етіп шығарды. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген тәмсіл бекер айтылмаса керек.

Әңгіме арасында айта кеткен артық болмас, менің де әдебиетке

Қызылкөлдің түлегі-ғылым докторы

дарға дәрігерлік шипасын тигізді. Шағын ауылдағы шаңырағы айрандай ұйыған отбасы, көпшілікке үлгі өнегелі. Мұғалімдер жанұясы. Жылқыбайдың ұл-қыздарының көбісі бала тәрбиесінің бағандары. Бүгінгі мақалаға арқау боп отырған кейіпкерім Рысқұлбек Дидар Жылқыбайқызы осы киелі, қасиетті шаңырақта 1980 жылы дүниеге келді. Ата-анасының аялы алақанында өскен Дидар Қызылкөл елді мекеніндегі М.Әуезов атындағы орта мектепке барып, бастауыш сыныптан бастап жақсы оқыды. Мектепте оқып жүрген кезінде қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Қандай іс-шара болмасын ортасында Дидар жүретін. Өзі алғыр, тындырымды, тапсырған істі мұқият орындайтын шәкірт еді. Ұстаздары одан мол үміт күтті. Білім ұясын алтын медалға бітірді. Бала кезден арманы әкесі сияқты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болу болатын. Шәкірт кезіндегі мақсаты жетелеп, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің филология факультетіне оқуға түсті. Шалғай ауылда білім нәрімен сусындап, мектепті алтын медалға бітірген Дидар жоғарғы оқу орнында да үздік оқыды. Ауыл қызы жоғары оқу орны ұстаздарының ыстық ықыласына бөленіп, аталған оқу ордасының мақтанышына айналды. Талабы биік студент шағын ғылыми жұмыстарды қорғап, ғылымға деген талпыныстың ұшқындарын таныта бастады. Университеттің қоғамдық жұмыстарына да белсене қатысты. Дидар көп уақытын кез майын тауысып, көп уақытын кітапханаларда өткізетін. Ізденіп, студент кезінің өзінде ғылымға бет бұрды. Жоғары оқу орнын қызыл дипломға бітірген Д.Жылқыбайқызы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіне стажер-зерттеуші болып

қызметке орналасты. 2002-2005 жылдар аралығында осы университеттің аспирантурасының күндізгі бөлімінде білім алды. Одан кейін «6МО11700-қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша магистратурасын бітіріп, «педагогикалық ғылымдар магистрі» академиялық дәрежесін алды. Бертін келе, университетте қазақ тілі білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы болды. 2017-2020 жылдар аралығында Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «6ДО20500-Филология» мамандығының докторанты атанды.

Ал биылғы жылдың басында «6ДО20500-Филология» мамандығы бойынша (Қазіргі кезде филологтарға да осындай ғылыми атақ берілетін болған) философия докторы, (РнД) дәрежесін иеленді. Талапты жас сөйтіп, мектептегі, университеттегі ұстаздарының сенімін ақтады. Бұл ғылыми дәрежені ол оңайлықпен олжалаған жоқ. Талай ұйқысыз күндердің, тынбай ізденістердің жемісі деп есептейді. Ол қазақ тілі жаттығулар жинағын (2015), тіл біліміне кіріспе. Электрондық оқулық (2016), қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 10 сыныбына арналған оқулық (Арман ПВ баспасы, 2019), Қазақ тілі. Бейнесабақтар. Әдістемелік нұсқаулықтың (2021), Сондай-ақ 30-ға жуық мақалалардың авторы, «Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде меңгерту» атты ғылыми жоба орындаушысы, ҚазТест әзірлемешісі, Республикалық ғылыми жобалар конкурсының қазылар алқасында, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының қазылар алқасында болды.

Сондай-ақ, шетелдік Нидерланд, Лейден қаласы, Лейден университеті, Түркия республикасы, Анкара қаласы, Гази университеті, Стамбул

тейін, кезінде осы Қызылкөл ауылының қызы Бәкібала Ысқақова аталған оқу орнында басшылық қызмет атқарған. Ол кісі де ғылымға көп үлес қосқан. Сол уақытта апамызды мақтан тұтатын едік. Туған жердің жастары оның қамқорлығына бөленді. Қызылкөлдің қыздардың көбісі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын бітірді. Кейін мұғалім болып, шәкірт тәрбиеледі. Елге деген ықыласы, мейірімі мен шапағаты мол жан еді. Міне, енді біздің Дидар қызымыз да апасының ізін жалғап сол оқу орнында қызмет етіп, студенттер тәрбиелеу ісімен айналысуда. Сонымен қатар, ғылымға мол үлес қосуда.

Теріскей өңірінен осындай ғалым қыз шыққанын мақтаныш етеміз. Аудан жұртшылығы ұстаздары, Дидардың сыныптас достары оның осынау жетістігіне шаттанып, марқаяды. Бұл бір ғана ауылдың мақтанышы емес, бүкіл Созақ елінің мерейін асқақтатқан сүйінші жаңалық. Жүректері жарылардай қуанған Дидардың ата-анасы Жылқыбай мен Алтын әпкеміз арнайы редакцияға ат басын бұрып, журналистермен көтеріңкі көңіл күйде жүздесті. Ақ пейілмен Дидардың жетістігіне жаңалықтың жаршысы «Созақ үні» газетінің ұжымы ғалым қызға өзіміздің ақ жарма тілегімізді арнадық.

Киелі топырақтың түлегі бүкіл Қазақстанға танылып жатса, неге қуанбасқа? Әрине, қасиетті жердің құнарлы нәрі ол өлке перзентінің бойына сіңіп, тамыр-тамырына қан жүгірткені хақ. Сонау жылдары қарт ақын Құлжабай атамыз жиені Дидарға ақ батасын берген еді. Данагөй қарияның игі тілегі қабыл болып, бұл күндері ғылым докторы атанып отыр. Осы жерде айта кетуіміз керек, кезінде белгілі ақын Әселхан Қалыбекова халық ақыны

қызығуыма ықпал еткен Жылқыбай ағай болды. Мектеп бітіргенде жазған шығармаларды беске бағалап, менен үлкен үміт күткендігін әлі күнге дейін жыр ғып айтады. «Сенің сол кезде журналист боларыңды жазған шығармаңнан байқағанмын» дейді өткен күндерді еске алып. Иә, «Ұстазы жақсының-ұстамы жақсы» деген сөз бекер айтылмаса керек. Ұстаздың бізге берген сапалы тәрбие, саналы білімінің арқасында мамандықты жаңылыспай таңдағанымызға дән ризамыз. Әлі күнге дейін сол кезде дәріс берген Жылқыбай ағайымыздың алдында өзімізді шәкірт сезінеміз. Алдынан кесіп өтпейміз. Бас киімімізді алып тұрып, сәлем береміз. Үнемі оған құрмет көрсетеміз. Ауылға барған сайын үйіне арнайы барып, сәлем беремін. Қазір жетпіс бестің желкенін желбіретіп отырған ағай немерелеріне аталық ақылын айтып, әпкеміздің қою күрең шайын ұрттап қойып, әңгімесін шертуден жалқыпайды.

Дидар Жылқыбайқызының ғылыммен айналысып, қызмет атқаруына жағдай жасап отырған өмірлік жары Мырзахметті де айта кеткен орынды деп есептеймін. Күйеу баланың мамандығы заңгер. Қазір жеке кәсіппен айналысуда. Үлкен ұлдары Аман Түркияда мединститутта оқып жүр. Одан кейінгі ұлы және қызы мектепте оқиды. Жарасымды жұп, өнегелі жанұя Алматы қаласында тұрады.

Дидардың ғылым жолындағы ізденісті жұмыстары әлі де жалғасу үстінде. Қызылкөлдің қаршадай қызына білім жолындағы жемісті, инемен құдық қазғандай бейнеті мол ісіне сәттілік тілейміз.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.